

**Аудан әкімдігінің 2005 жылдың 29 маусымдағы "Ауданда қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 190 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 13 қазандағы N 255 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 12 қарашада N 7-8-95 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 15 наурыздағы N 56 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2010.03.15 N 56 Қаулысымен. Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7, 20 баптарын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабын басшылыққа ала отыра аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2005 жылғы 29 маусымдағы "Ауданда қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 190 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 5.08.2005 ж N 7-8-8 санымен тіркелген "Ауыл айнасы" газетінде 20.08.2005 жылы N 35 санымен жарияланған; аудан әкімдігінің 2006 жылғы 24 ақпанында "Аудан әкімдігінің 2005 жылғы 29 маусымдағы "Ауданда қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 190 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 42 қаулысы тіркеу N 7-8-20 санды 28.03.2006 жылғы "Ауыл айнасына" 16.04.2006 жыл N 16 санымен жарияланған; 2008 жылғы 16 сәуірдегі "Аудан әкімдігінің 2005 жылғы 29 маусымдағы "Ауданда қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 190 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 145 қаулысы тіркеу N 7-8-63 санды 20.05.2008 жылғы "Ауыл айнасына" 2.05.2008 жыл N 25-26 сандарымен жарияланған; аудан әкімдігінің 2008 жылғы 3 қыркүйектегі "Аудан әкімдігінің 2005 жылғы 29 маусымдағы "Ауданда қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 190 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" N 301 қаулысы тіркеу N 7-8-73 санды 29.09.2008 жылғы "Ауыл айнасы" газетіне 27.10.2008 жылы N 47 санымен жарияланған; аудан әкімдігінің 2008 жылдың 14 қарашасындағы "Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 16 сәуірдегі "Аудан әкімдігінің 2005 жылғы 29 маусымдағы "Ауданда қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 190 қаулысына өзгерістер енгізу

туралы" N 145 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 382 санды қаулысы тіркеу N 7-8-80 санды 9.12.2008 жылғы "Ауыл айнасына" 4.12.2008 жылы N 53 санымен жарияланған) төмендегі толықтырулар енгізілсін:

1) Көрсетілген қаулының 1-қосымшасы 31. "Аудандық ішкі істер бөлімі" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 2-қосымшасы 11. "Ауылдық округтердегі учаскелік полиция инспекторларына іс-қағаздарды және басқалай құжаттарды толтыруға, таратуға көмекші" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Н. Құтхожинге жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Е.Қалиев*